



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ
АРАБТАНУ ЖӘНЕ ИРАНТАНУ КАФЕДРАСЫ

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF ORIENTAL STUDIES
DEPARTMENT OF ARABIC AND IRANIAN STUDIES

«ПРОФЕССОР Ө.КҮМИСБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ШЫҒЫСТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығына және ф.ғ.д., профессор Өтеген Күмісбаевтың
75 жылдық мерейтойына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы, 3 сәуір 2014 жыл



MATERIALS

of the international scientific-practical conference

«PROFESSOR KUMISBAYEV'S CREATION AND THE ORIENTAL STUDIES PROBLEMS»

Almaty, april 03, 2014

құрылымы, құдайдың сипаттары, пайғамбарлар, Аллаһ тағаланың адам баласының әрекеттеріне әсері, күнә мен жаза, сенім мәселелері қамтығандықтан бүгінгі күнде де өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені қазіргі таңда басты мәселеге айналып отырған қоғамның дін ұстаным принциптері мен ділінің қалыптасуындағы жетекші еңбектердің әсерлері мол болатындығын назарда ұстауымыз қажет. Еңбекте қалам ілімінің талаптары мен принциптеріне көп тоқталғаны себептен еңбек қазіргі таңда мәнді әрі құнды, өзекті болып саналады.

1. Абу Муъин ан-Насафи, «ат-Тамхид фи Усул ад-Дин» Каир, х. 1407. / м. 1987.
2. M.S. Yazıcı oğlu. Maturıdı kelam ekolünün iki büyük siması: Ebu Mansur Maturıdı ve Ebül Muin Nesefi. - Ankara, 1985.
3. M.S. Yazıcıoğlu. Maturıdı ve Nesefiye göre insane hürriyeti kavramı. M.E.B. Yayınları. -Istanbul: 1992. - 144 s.
4. У. Рудольф. Ал-Матуриди и суннитская теология в Самарканде. Перевод с немецкого языка. Алматы: Фонд «XXI век», 1999. 286 б.

Г.Қ. Шатекова

оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ӘСЕРІ

В данной статье автор рассматривает одну из наиболее актуальных проблем-влияния корейской культуры на казахстанцев, подробно описывая этапы развития двусторонних культурных отношений, акцентируя внимание на несомненной значимости культуры как способа развития экономики.

In this article the author examines one of the most pressing problems, influence of Korean culture to Kazakhs, describing in detail the stages of development of bilateral cultural relations, focusing on the undoubted importance of culture as a way of economic development.

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылдың 8-қаңтарынан бастау алады. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бұл елге 1995 жылы алғаш рет ресми сапармен келді. Бұл сапар екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастарда бетбұрыс кезеңге айналды. Қазіргі таңда Қазақстан-Корея арасындағы қолданыстағы бірқатар құжаттар әріптестіктің барлық салаларын қамтиды. Дипломатиялық қарым-қатынас орнай бастаған уақыттан бастап қазақ-кәріс қарым-қатынастары дәстүрлі түрде өзара тиімді саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени және өзге салаларда жақсы дамуға ие болды.

Осыған орай, Оңтүстік Кореяның Алматыдағы елшілігі 1993 жылы ашылса, Қазақстанның Сеулдегі елшілігі 1996 жылдан бастап жұмыс істей бастады. Сонымен қатар, Қазақстан мен Корея Үкіметтері екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту үшін және мәдениет, өнер, білім беру, БАҚ, туризм, спорт, әлеуметтік даму салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту үшін 1995 жылдың 16-мамырында мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

1991 жылы Алматыда Корей білім беру орталығының құрылуынан бастау алған Корея мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстар негізінен Қазақстандағы кәрістерге негізделген корей тілін үйрету мен Кореяның дәстүрлі мәдениетімен таныстыру деп аталып, осымен шектеліп келді. Негізінен Қазақстан мен Корея арасындағы мәдени байланыстар 2000 жылдан кейін Қазақстан экономикасының жедел көтерілуімен Кореяның энергетикалық ресурстарға деген қызығушылығының артуына байланысты қарқынды дами бастады.

Өткен жиырма жыл бойы Корея мен Қазақстан Үкіметінің ұйымдастыруымен кең ауқымды мәдени жобалар, концерттер, көрмелер, театрлық қойылымдар, ғылыми конференциялар, сән үлгілерін көрсету, Қазақстанның өнер мен бұқаралық ақпарат қызметкерлерін Кореяға шақыру сияқты мәдени шаралар болып өтті. Қазақстанға Оңтүстік Кореяның ең ірі теле және радиокөрсету компанияларынан арнайы тілшілер келіп, Қазақстан туралы деректі фильмдер мен телехабарлар топтамасын түсіріп әкетті.

90-жылдардың бас кезінде Оңтүстік Корея Қазақстандық отандастарына көп көңіл бөлді. Оңтүстік Кореяның халқы этникалық кәрістердің тілі, әдет-ғұрпы, мәдениеті мен тарихы жөнінде

ештеңе білмеді. Сондықтан, 1994 жылы МБС теле-радио корпорациясы “Кәрістер” атты 21-бөлімнен тұратын көркем фильм түсірді.

Ең алғашқы мәдени байланыстардың бірі 2003 жылы Қазақстан Республикасының Орталық музейіндегі корей ұлттық мәдениетінің тұрақты экспозициясының ашылуы болды.

2008 жылдың 6-шілдесінде Астанада “Сеул күні” мен 3-қазанда өткен “Корей түні” атты мәдени шара арқылы кәрістер өздерінің ұлттық киімдерін, тағамдарын, ән мен биін, салт-дәстүрін көрсетті. Ал, 15-19 шілде аралығында Алматы мен Астана қалаларында Корея Республикасының елшілігі Корей кино фестивалін ұйымдастырды.

Өз кезегінде атақты қазақстандық әншілердің, хореографиялық орындаушылардың, сазгерлердің, симфониялық оркестрдің концерттері Оңтүстік Кореяның сахналарынан көрініс тапты. Әлібек Дінішев, Айман Мұсаходжаева, Жания Аубакирова сияқты қазақ өнерінің саф шеберлері өз өнерлерімен кәріс жұртын таң қалдырды.

Осы тұста 2010 жылдың “Кореядағы Қазақстан жылы” болғандығын, әрі Қазақстанның мәдениетін дамыту мен насихаттаудағы маңызын айта кету керек.

2000 жылдары Корея мен Қазақстанның мәдени қатынастарының ішінде атап өтуге міндет тұратын жайт Қазақстанда корей телехикаялары мен киноларының жергілікті ақпарат құралдары арқылы көрсетіліп, Қазақстан халқының қызығушылығын тудыруы. Әрі бұл құбылыс “халлю”, яғни “корей мәдени толқыны” деген атпен белгілі.

Сонау 90-жылдары Оңтүстік Корея жерінен бастау алған бұл мәдени құбылыс ең алдымен Қытай мен Тайваньға әсер етті. Содан біртіндеп Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне тарап, бүгінгі таңда біздің елімізге дейін жетті.

“Халлю” құбылысының мәні – Кореяның поп-мәдениетін, яғни киносын, телехикаясын, музыкасын, тағамын, киімін, жауынгерлік өнерін дәріптеу. Оңтүстік Корея “халлюмен” байланысты тауарды экспортқа шығару арқылы жылына миллиондаған доллар қаражат табады.

2000 жылдары Қазақстанда Ел арна, Хабар, Қазақстан, ТАН, Рахат телеарналары арқылы “Менің жүрегімдегі күз”, “Шақыру”, “Ва-банк”, “Жумоң” атты телехикаялар орыс және қазақ тілдеріне аударылып көрсетілді.

Біздің елімізде көптеген елдердің кинолары мен телехикаялары көрсетіледі. Бірақ, неге көрермендерді корей телехикаялары қызықтырады деген сұрақ туады. Өйткені, корей телехикаяларында атыс-шабыс жоқ, саяси мәселені көтермейді, кішісі үлкенді сыйлайды, қыз-келіншектері ашық-шашық киінбейді. Сонымен қатар, қазақтар мен кәрістердің дәстүрлі мәдениеті мен өмірге көзқарастарының ұқсастығының көптігі тұрғысынан да түсіндіруге болады. Қазақтар мен кәрістер сырт келбеті жағынан ғана емес, үлкенді құрметтеу, отбасы мен туыстық қатынастардың маңыздылығына көңіл бөлуі тұрғысынан шығысқа тән мәдениет иесі екені сөзсіз.

Корей мәдениетін Орталық Азия мен Қазақстан жеріне таратып, дамыту мақсатында 2010 жылы Астанада Оңтүстік Кореяның Қазақстандағы елшілігі жанынан Корей мәдениет орталығы ашылды.

Ал, 2011 жыл “Қазақстандағы Корея жылы” деп жарияланды. Осыған орай, корей мәдениетін қазақ халқына етене таныстыруға арналған 30 шақты іс-шара ұйымдастырылды.

Өткен ғасырдың 50-жылдарында Оңтүстік Корея Республикасы әлемдегі ең кедей мемлекеттердің бірі болды. Алайда, мемлекеттің ұстанған саясаты мен халқының еңбекқорлығының арқасында жиырма шақты жылдың ішінде Корея дамыған елдердің қатарынан орын алды. 1997-1998 жылдардағы Азия қаржы дағдарысынан кейін Оңтүстік Корея өзінің мәдени ықпалын күшейтті. Соның арқасында мәдениет саласындағы корей үкіметінің бюджеті 1998 жылы 2,2 % болса, 2000 жылы 15,3 % өсті.

Оңтүстік Кореяның мәдениет саласындағы жеңістері экономиканың одан әрі дамуына әсер етті. Импорттаушы елдер Кореяның киносы мен телехикаяларына қызығушылық танытқандықтан, Корея өз мәдениеті мен жұлдыздарын алға жылжытты. Осы әдістің көмегімен олар тұрмыстық заттар мен электроника саудасын кеңейтті. Біздің де бұдан өзімізге үлгі алып, қазақтың мәдениетін басқа елдерге таратуымыз керек.

Алайда, “корей толқынының” жақсы жақтарымен қоса, жаман жақтары да бар. Кореяда 90-шы жылдардың ортасында батыстың электропоп, хип-хоп, заманауи R’n’B сынды музыкалық жанрлардың элементтерін бойына жинаған жаңа музыкалық жанр пайда болды. Әлем бойынша өте белсенді дамып жатқандығына таңқалған пекиндік журналистер бұл корейлік музыкалық жанрды К-рор деп атады. Басында тек музыкалық жанр ретінде пайда болған К-рор көп ұзамай миллиондаған әлем жастары арасында танымалдылыққа ие болып, оңтүстіккорейлік сән мен стильге еліктеген жастардың субкультурасына айналып үлгерді.

МАЗМУНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Ө.КҮМИСБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ИРАНТАНУ ҒЫЛЫМЫ ТВОРЧЕСТВО У.КУМИСБАЕВА И ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ИРАНИСТИКА SCIENTIFIC WORK OF U. KUMISBAYEV AND IRANIAN STUDIES IN KAZAKHSTAN

Құрметті Өтеген Күмісбайұлы!.....	3
Асқар С. توانا بود هرکه دانا بوزد دانش دل پیر برنا بود	4
Амирбекова У.А. ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ПАРСЫ КІСІ ЕСІМДЕРІН САЛҒАСТЫРУДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	5
Әлібекұлы А. Т.ІЗТІЛЕУҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫНДАР	8
Батырхан Б.Ш. Ө. КҮМИСБАЕВ – ҒАЛЫМ, АҚЫН, ҰСТАЗ	13
Есеналиева Ж.Ж. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ШЫҒЫСПЕН ЛИНГВОМӘДЕНИ БАЙЛАНЫСЫ ЖӘНЕ КОГНИТИВТІК СИПАТЫ	15
Жұмажанова Ф.Т. Ө. КҮМИСБАЕВ - ПАРСЫ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУШІ ҒАЛЫМ	18
Қазыбек Г.Қ. ҚАСЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ	20
Қамбарбекова Ғ. ШЫҒЫС ПОЭЗИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (Ө.Күмісбаевтың «Иранбақтың бұлбұлдары» жинағы негізінде)	22
Орда Г. СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ.....	26
Рыбалкин В.С. «КОВАРНЫЙ» ИРАНИЗМ В ТРУДЕ ИБН ХУРДАДБЕХА	31
Тебегенов Т. С. ТАЛАНТ ПЕН ТАНЫМ ЖЕМІСТЕРІ	37
Ісімақова А.С. Ө.КҮМИСБАЕВ: ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ	46

ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСТАНСКОГО ВОСТОКОВЕДЕНИЯ ACTUAL PROBLEMS OF THE ORIENTAL STUDIES IN KAZAKHSTAN

عبد العزيز الخولى التغييرات التي تحدث للكلمات المنقولة الى كل من العربي والقازاقية فى ضوء علم اللغة التقابلى	49
د. عبدالرحمن حجازي الوطن والحرية في شعر أحمد شوقي وأبي	54
Алжанбаева Ұ., Боранбаева А. АРАБ ЖӘНЕ ПАРСЫ ТІЛІНЕ БІРДЕЙ ЕНГЕН ТҮРКІ СӨЗДЕРІНІҢ ИГЕРІЛУ СИПАТЫ.....	58
Атабай Б. АРАБ ГРАММАТИКАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ	62
Әбдіқадырова Ж.Б. МЫСЫРДЫҢ XX Ғ. 90-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АРАБ-ИЗРАИЛЬ ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ БОЙЫНША ҰСТАНЫМЫ	65
Әбелдаев Ж.Ә. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ТҮРІК ПРОЗАСЫНЫҢ ДАМУ НЕГІЗДЕРІ	69
Әбідін З. А. АРАБ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕСІМШЕЛЕР	73
Жапарова А.Б.	

ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	77
Жумадилова Г.Т., Шупанова Р.Э.	
ВЛИЯНИЕ ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКА НА ПЕРСИДСКИЙ ЯЗЫК ИРАНА	79
Ибраимова А.Р.	
КОНФУЦИЙ МЕН АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК, ИМАНДЫЛЫҚ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, САЯСИ КӨЗҚАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	84
Кенжебаева А.Ә.	
ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ СОМДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	89
Қоңырбай А.Р.	
САНАИ ГАЗНЕВИ И ЕГО ВЕК.....	91
Қортабаева Г.	
ЗЕРТТЕУШІ С. ҚОНДЫБАЙДЫҢ «АРҒЫҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ» ЕҢБЕГІНДЕГІ ҚЫДЫР ЖӘНЕ ҚОДАР БЕЙНЕСІ	95
Мадиев Д.Ә.	
КӨНЕ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ЕТІСТІКТЕР КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛҒАН КОНСТРУКЦИЯЛАР.....	97
Махмутов Т.	
ӘБІЛҚАСЫМ ФИРДОУСИДІҢ ШАХНАМА МҰРАСЫНДАҒЫ СҰЛТАНЫ МАХМҰТ ҒАЗНАУИДІҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАСЫ	102
Мейірбексов Д.Е.	
ИОРДАНИЯДАҒЫ ПАЛЕСТИНАЛЫҚТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АХУАЛЫ.....	104
Мен Д.В.	
КОРЕЙЦЫ: ОТ РЕПРЕССИЙ ДО СОВРЕМЕННОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	107
Момынқұлов Ж., Рахимбаева Р.	
ТҮРКИЯ МЕН ИРАНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ.....	113
Мұстафаева К.	
МӘМЛҮК-ҚЫПШАҚТАРДЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ («Китәбун фи риязәтул-хәйл» шығармасы негізінде).....	116
Мустафаева А.А., Күшербаева А.Ж.	
НЕКОТОРЫЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ ЛЕКСИЧЕСКОГО ЗАИМСТВОВАНИЯ.....	118
محمد محمد أحمد عبدالباري قراءات قرآنية عارضها بعض النحويين.....	121
Нұрқалықова Ж.А.	
АРАБ ГАЗЕТ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	130
عمر عبد الكريم علي صور وعوامل التواصل بين الأدب العربي والأدب الأخرى.....	136
عثمان عبد الرحمن عبد اللطيف أثر تطوّر العلاقات التوليفية في فتح السبيل لتلاقح الثقافات.....	139
Палтөре Ы. М.	
«МЫҢ БІР ТҮН» ЖИНАҒЫНДАҒЫ ҚҰРАН МӘТІНІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КЕЙБІР САРЫНДАР.....	149
Рысжанова Э.	
ХАФИЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒАЗАЛДАРЫ.....	153
Салқынбаев М.	
Ө.КҮМІСБАЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАР МӘСЕЛЕСІ.....	156
Тұяқбаев Ө.О.	
ПАРСЫ ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ КӨРІНІСТЕРІ.....	161
وليد عبد المنعم محمد عيد التشويق في البلاغة العربية بين النظرية والتطبيق.....	164
Шалқаров Д.Б.	
ОРТА АЗИЯ ИСЛАМ ТЕОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ АБУ МАНСУР АЛ-МАТУРИДИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН КАЛАМДЫҚ НЕГІЗГІ ӘДІСТЕРІ	169
Шатекова Г.Қ.	
КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ӘСЕРІ	172